

Е.И. Антоновский (1903-194...)

Ұлы Отан соғысында Кенестер елі халқының жеңісіне ерекше үлес болып қосылған балқаштық қос стратегиялық металл – мыс пен молибден бұлағының ашылуына Ленинградтық инженер-байытушы ғалым Евлампий Иванович Антоновскийдің енбегі ерекше. Антоновский Евлампий Иванович 1903 жылы, Владимир губерниясы, Вязников уезі, Метера деревнясында туған. 1922 - жылы Ленинградтың жұмысшылар факультетіне түсіп, оны 1927-жылы аяқтаған соң 1927-1931 -жылдары Ленинград тау-кен институтына түсіп, инженер-байытушы мамандығын алғып шығады. 1931-1933 жылдары сол институттың аспирантурасында жүрген кезден-ақ Қонырат кенінің тотықкан сульфид рудасынан молибденді бөліп алу мәселесімен шұғылданады. 1933-жылы Балқашқа келіп, тәжірибе жұмыстарын жалғастырады. Балқаш алғып құрылыш алаңында 1933-1943 жылдары Евлампий Иванович Қонырат кенін байыту тәжірибесі лабораториясы мен тәжірибелі байыту фабрикасының жетекшісі болды. Фылыми тәжірибелі жұмысқа кадрлердің тапшылығын сезген Е.И. Антоновский, 1935-жылы қоғамдық негізде сауатсыздықты жою жұмысшы факультетін ұйымдастырып, оны 1938-жылға дейін басқарды.

1939-жылы 10 - наурызда оның жетекшілігімен жартылай өндірістік жағдайында бірінші рет молибден концентраты (кальци молибдаты) алынды. 1940 - жылы молибден фабрикасының бірінші секциясын жобалау басталып, ал 1941 жылдың күзінде өнеркәсіптік концентрат алынды. Теріске Балқашты өндірістік өлкеге айналдырудың ерен енбегі үшін Е.И. Антоновский Орталық Атқару Комитеті Президиумының қаулысымен «Қазақстанның 15 жылдығы», ал Шығыс Қонырат молибденін игерудегі авторлық енбегі үшін 1942-жылы Сталин сыйлығымен марапатталды.



**Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты
Антоновский Евлампий Иванович**

